



**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ – IQAA**

**«МИРАС» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ҮШІН
ЕСЕБІ**

6B01721- ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАСЫН АКРЕДИТТЕУ

Шымкент қ., 2023 ж.

САРАПТАМАЛЫҚ ТОП

	<p align="center">Аубакирова Гульбану Турсуновна Топ жетекшісі</p> <p>филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Шет және орыс тілдері кафедрасының профессоры (Қарағанды қ.)</p>
	<p align="center">Горожанов Алексей Иванович Халықаралық сарапшы</p> <p>филология ғылымдарының докторы, доцент, неміс тілінің грамматикасы және тарихы кафедрасының профессоры, Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінің виртуалды білім берудің іргелі және қолданбалы мәселелері зертханасының меңгерушісі (Мәскеу қ.)</p>
	<p align="center">Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызы Ұлттық сарапшы</p> <p>филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі (Түркістан қ.)</p>
	<p align="center">Ибрагимова Гульнар Жумашовна Жұмыс берушілер өкілі</p> <p>Ибрагимова Гульнар Жумашовна, "Shymkent" жоғары педагогикалық колледжінің директоры</p>
	<p align="center">Нұрлан Нұргерім Мақсұтұлы Студенттер өкілі</p> <p>Оңтүстік қазақстан мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 4 курс студенті</p>

Сараптамалық топтың есебі БСКТА зияткерлік меншігі болып табылады. Ақпаратты пайдалануға IQAA сілтемесі болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершілікке әкеп соғады.

**6B01716 ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ ӘР
СТАНДАРТ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБНІҢ НАҚТЫ
ЖАҒДАЙЫНА СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ**

Стандарттар	Әрбір стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің университеттегі нақты жағдайға сәйкестік деңгейін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Жартылай сәйкестік	Сәйкессіздік
<i>Стандарт 1</i> Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат және академиялық адалдық	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламасын құрастыру және бекіту, ақпаратты басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке бағытталған оқу, оқыту және бағалау		+		
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерімі, мойындау және сертификация		+		
<i>Стандарт 5</i> Профессор-оқытушылар құрамы		+		
<i>Стандарт 6</i> Ғылыми ресурстар мен студенттерді қолдау	+			
<i>Стандарт 7</i> Қоғамды ақпараттандыру	+			

МАЗМҰНЫ**1-ТАРАУ. САПАРДЫҢ КОНТЕКСТІ МЕН МАҚСАТТАРЫ**

Кіріспе	6
Университеттің негізгі сипаттамалары	7

2-ТАРАУ. САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Кіріспе.....	8
--------------	---

1-Стандарт

Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат және академиялық адалдық	9
---	---

2-Стандарт

Білім беру бағдарламасын құрастыру және бекіту, ақпаратты басқару	15
---	----

3-Стандарт

Студентке бағытталған оқыту, үйрету және бағалау.....	20
---	----

4-Стандарт

Студенттерді қабылдау, үлгерімі, мойындау және сертификация.....	25
--	----

5-Стандарт

Профессор-оқытушылар құрамы	28
-----------------------------------	----

6-Стандарт

Ғылыми ресурстар мен студенттерді қолдау.....	36
---	----

7-Стандарт

Қоғамды ақпараттандыру.....	40
-----------------------------	----

3-ТАРАУ	42
----------------	-----------

ҚОРЫТЫНДЫ	
------------------------	--

ҚОСЫМШАЛАР*1 -қосымша*

Сыртқы сапар бағдарламасы	
---------------------------------	--

2 -қосымша

Сұхбатқа қатысушылардың тізімі.....	
-------------------------------------	--

3 -қосымша

ЖОО-да қосымша қаралған құжаттар тізімі	
---	--

1 - ТАРАУ

САПАРДЫҢ КОНТЕКСТІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Kіpіcне

2023 жылғы 11-12 сәуір аралығында «Мирас» университетінде бағдарламаны аккредиттеу рәсімі аясында сарапшылық топтың сыртқы сапары өтті.

Сыртқы аудит IQAA агенттігі әзірлеген және университетпен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Комиссия жұмысына қажетті барлық материалдар: сапар бағдарламасы, бағдарламаларды аккредиттеу аясындағы өзін-өзі бағалау есебі (қосымшаларымен), әңгімелесуге қатысушылардың тізімі, сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық, этика кодексі сараптамалық топ мүшелеріне білім беру ұйымындағы жұмысты бастамас бұрын жіберіліп, сыртқы бағалау рәсіміне уақтылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етуге жағдай туғызылды.

«Мирас» университетінің өзін-өзі бағалау есебі бағдарламаны аккредиттеу стандарттарына сәйкес ұсынылған ақпараттың жеткілікті көлемін қамтиды.

Сыртқы сарапшылық топтың сапары бағдарламаға сәйкес визуалды тексеру оффлайн режимінде жүргізілді, бұл комиссия мүшелеріне университеттің оқу, тәрбие және ғылыми процестерінің ұйымдастырылуын, материалдық-техникалық базасын, оның стандарттарға сәйкестігін анықтауға аккредиттелетін білім бағдарламасы жайлы жалпы түсінік алуға мүмкіндік берді. Құрылтайшы, университет президентімен, проректорларымен, департамент, офис, орталықтардың директорларымен, құрылымдық бөлім жетекшілерімен, сектор менеджерлерімен, ПОҚ, студенттер, түлектер және жұмыс берушілермен кездесулер өткізілді. Сарапшылар құрылымдық бөлімшелер: тіркеу бөлімі, IT және телекоммуникация секторы, мансап орталығы, оқу залдары, спорт зал, оқу аудиториялары, МирасAPP порталына тексеру жүргізді.

Сыртқы аудит жүргізу барысында сарапшылар құжат айналымымен, оқу-әдістемелік, ғылыми-техникалық қамтамасыз етумен, университет веб-сайтымен, мазмұнымен, сондай-ақ әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында және т.б. электрондық ресурстарда өкілдік етуімен көбірек танысу мақсатында университет пен секторлардың нормативтік құжаттамаларымен қарап танысты.

Жоспарланған сыртқы сапар шаралары университет құрылымымен, оның қызметімен егжей-тегжейлі танысуға септігін тигізді және сарапшыларға өзін-өзі бағалау туралы есеп деректерінің университеттегі нақты жағдайға сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің негізгі сипаттамалары:

«Мирас» университеті 1996 жылы тамыз айында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім беру технологияларын халықаралық стандарттар бойынша өңдеу орталығы ретінде құрылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы ғылыми-білім беру орталығының негізінде 1997 жылы мамырда құрылды.

«Мирас» университеті президенті қызметін 07.12.2009 жылдан бастап Мырзалиев Малик Болатович атқарады.

Университет әр студентке сапалы білім алуға және білімді объективті бағалауға, заманауи технологияларды білуге және сынақтан өткізуге, ақпаратқа шексіз қол жеткізуге, көшбасшы ретінде өзінің әлеуетін ашуға, шығармашылық және спорттық қабілеттерін көрсетуге, достар табуға, өзіне сенуге және нақты перспективаларды көруге мүмкіндік беруге тырысады. «Мирас» университеті білім беру қызметтерін тұтынушыларға, ғылыми қоғамдастыққа, қоғам құндылықтарына қатысты икемді және мобильді.

«Мирас» университеті барлық бағыттар бойынша әр түрлі қызмет салаларынан жоғары технологиялық құралдарды іске асыру, ұжым мен білім алушылардың жеке өсуін ынталандыру мақсатында Халықаралық интеграцияны, кадрлық әлеуетті және сауатты қаржылық саясатты дамытуға бағытталған өршіл міндеттер қояды.

«Мирас» университеті әлеуметтік серіктестерді тартады, материалдық-техникалық жарақтандыруды жүзеге асырады, қызметкерлер мен білім алушылардың білім берудің жоғары стандарттары мен өмір сүру сапасын қалыптастыру үшін инновациялар мен технологияларды енгізеді.

«Мирас» университеті «Білім туралы» заң, мемлекеттік лицензия негізінде 6B01721-«Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавриат бағдарламасы бойынша білім беру және НҚА саласындағы жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүзеге асырады.

Түлектерді даярлау сапасы мен сұранысы ұлттық-мәдени және этникалық қажеттіліктерді толық іске асыру мүмкіндігімен гуманистік жалпыадамзаттық қасиеттердің үйлесімді қатынасын қамтамасыз ететін қолайлы орта құрумен, танымдық қызмет пен өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасайтын коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырумен айқындалады.

Университет мекенжайы:

160012 Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Сапақ Датқа көшесі, 2
Тел.: 87018002201
E-mail: info@miras.edu.kz

2 – ТАРАУ

САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Кіріспе

«Мирас» университеті «Білім туралы» заң, мемлекеттік лицензия негізінде 6B01721 - «Қазақ тілі мен әдебиеті бакалавриат бағдарламасы бойынша білім беру және НҚА саласындағы жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүзеге асырады.

6B01721 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын іске асыру шеңберінде, бес жылдық кезеңде (2018-2023 жылдар) тілдер мен әдебиет секторының қызметін өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша есеп жасалды.

6B01721 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы 5B011700- «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ құқықтық мирасқоры ретінде 2022 жылдан бастап іске асырылуда, 03.12.2021 ж. ОП Реестрінде 97,70% оқу нәтижелеріне қол жеткізумен тіркелген.

2018-2023 жылдар аралығында білім беру бағдарламасы бойынша 67 бакалавр дайындалып, түлектердің 79% - ы жұмысқа орналастырылды.

ББ мақсаты және одан туындайтын міндеттер «Мирас» университетінің миссиясына, стратегиясына, мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және кәсіптік бағдар беру жұмысынан бастап түлектерді жұмысқа орналастыруға дейінгі үздіксіз процесс болып табылатын білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін ЖОО-да және секторда қалыптасқан шаралар жүйесіне бағдарланған.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесі MirasAPP-тың жеке білім беру платформасы негізінде жүзеге асырылады, оған барлық студенттер мен оқытушылар интернетті қолдайтын мобильді құрылғылар арқылы қол жеткізе алады.

6B01721 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау күндізгі оқу нысаны бойынша, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Білім беру қызметі қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

6B01721 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша қысқартылған бағдарлама негізінде оқыту 2024 жылы жүзеге асырылады. 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша алғашқы шығарылымы 2012 жылы өтті. Білім беру бағдарламасы бойынша 2022 жылы қабылданған контингент 12 білім алушыны құрайды.

1-СТАНДАРТ. «БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ»

Дәлелдемелер: Университеттің мақсаттарына қол жеткізу мен ілгерілетудің, миссияны стратегиялық және жедел жоспарларға айналдырудың пәрменді құралы ретінде Университетте қызметтің барлық деңгейлері мен түрлерінде сапа саласындағы саясат пен стандарттар қабылданды. Сапа саласындағы саясат Университетте және секторда білім беру сапасын қамтамасыз ету, халықаралық стандарттарға негізделген сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуін талдау және мониторингтеу, академиялық қызметтің тиімділігі мен қажеттілігін арттыру мақсатында әзірленді.

Саясат жобасы Университеттің ішкі чатында ПОҚ, қызметкерлер мен бөлім басшыларының талқылауынан өткен.

Сапа стандарттарын іске асыру және қамтамасыз ету үшін Университетте академиялық сапа жөніндегі Комиссия құрылған. Комиссияның жұмысы академиялық сапа жөніндегі комиссия туралы Ережемен реттеледі.

Сапаны қамтамасыз ету саясаты Университет Стратегиясының ажырамас элементі және оның білім беру қызметін жоспарлаудың негізі болып табылады. Ішкі мониторинг және сапаны бағалау жүйесінің негізгі бағыттары: нәтиженің сапасы, процестердің сапасы, жағдайлардың сапасы. Білім беру бағдарламасын іске асырудың нәтижелілік деңгейін қадағалау жүйесі бөлімшелер қызметінің тиімділік көрсеткіштерін регламенттейтін білім беру сапасын мониторингілеу және бағалау туралы Ережеге сәйкес ішкі мониторинг шеңберінде жүзеге асырылады.

Жоспарлау менеджменті жүйесіндегі демократияландыру және алқалылық қағидаттары және Университет қызметінің тиімділігі ұжымның барлық мүшелерінің қойылған мақсаттарға қол жеткізуге қатысуына мүмкіндік береді. Университет басшылығы педагогикалық ұжымды, студенттер мен мүдделі тұлғаларды Стратегиялық жоспарлау және сапа саясатын іске асыру процестеріне барынша тартуға ұмтылады.

Құзыреттерді қамтудың толықтығы Университет құрылымы ЖОО құрылымдық бөлімшелері басшылары мен қызметкерлерінің функционалдық міндеттерінде көрсетіледі. Университетте әр құрылымдық бөлімшеде әзірленген ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтардың болуы қарастырылған. Лауазымдық нұсқаулықта тиісті лауазымға тағайындалған қызметкердің біліктілік талаптары, лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі айқындалған. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша басқарушылық міндеттер Университеттің кадр саясатымен анықталады. Құрылымдық бөлімшелердің штаты Университет қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларында көрсетілген Университеттің біліктілік талаптары негізінде қалыптастырылады.

Білім беру бағдарламасының сапасы саласындағы саясаттың мақсаты академиялық адалдық қағидаттарын іске асыру және ілгерілету арқылы білім беру сапасын арттыру болып табылады. Университетте академиялық адалдық

қағидаттарын сақтау тек студенттерге ғана емес, сонымен қатар оқытушыларға, қызметкерлерге және Университет әкімшілігіне деген талапты арттыруға негізделген.

Академиялық адалдық ережелері Мираc Университетінің академиялық саясатында көрсетілген. Академиялық саясаттағы академиялық адалдықты бұзудың алдын алу үшін білім алушының міндеттері мен құқықтары жазылған. Академиялық саясат ресми сайтта ашық қолжетімділікте орналастырылған, әрбір білім алушының, Университет қызметкерінің оқу орнының академиялық саясатымен танысуы міндетті. Академиялық адалдық ережелерін, ішкі тәртіп ережелерін, іскерлік кодексті, студенттің ар-намыс кодексін сақтау үшін Академиялық адалдық ережелерін бұзған адамдарға қатысты санкциялар туралы шешім қабылдайтын тәртіптік комиссия құрылды. Университеттің академиялық саясатының 17-бөліміне сәйкес, жазбаша жұмыстарды тексеру жүргізу қағидаларының адалдығы негізінде ПОҚ-ның, ғылыми қызметкерлер мен білім алушылардың барлық ғылыми жарияланымдары міндетті түрде басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынасы өзгермей сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік ауыстыра отырып, көшіріліп алынған материалдың болуы және мәтінді пайдалану мәніне (парафразалар) тексеруден өтеді. Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында Университет жауапкершілігі шектеулі серіктестік филиалымен шарт жасасты «Plagiat.pl.» (19.01.2022 ж. № 245 лицензиялық шарт). Жұмыстың барлық түрлерінің түпнұсқалығын тексеру Автоматты режимінде жүзеге асырылады: плагиатқа қарсы, ЖОО, strikeplagiarism.com. Университетте курстық жұмыстар үшін кемінде 50%, дипломдық жұмыстар (жобалар) үшін кемінде 60%, магистрлік диссертациялар (жобалар) үшін кемінде 70% өзіндік ерекшелігімен ғылыми жұмыстар қорғауға жіберіледі. Тексеру нәтижелері бойынша анықтама беріледі. Егер жазбаша жұмыс қойылатын талаптарға сай келмеген жағдайда, ол түзетулер үшін авторға пысықтауға қайтарылады. Түпнұсқалық деңгейіне үш рет тексеруден кейін қол жеткізілмеген жұмыс қорғауға немесе жариялауға жіберілмейді.

Университетте қабылданған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған өзара байланысты қағидаттар, рәсімдер мен нақты іс-шаралар кешенін білдіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жергілікті нормативтік акт болып табылады және оны Университеттің барлық қызметкерлерінің орындауының міндеттілігін қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жобасы ғылыми кеңестің шешімімен әзірлеу, талқылау және бекіту кезеңдерінен өтеді. Бұдан әрі: қызметкерлер мен білім алушыларды ЖОО-да қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы хабардар ету; саясатта көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдануды талдау және қажет болған жағдайда оны өзгерту.

Жыл сайын Университет сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жоспарын әзірлейді және бекітеді. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін заң мамандықтарының жоғары білікті кадрларының құрамынан дәріскерлер пулы қалыптастырылады (01.09.2022 жылғы № 81-н/к Бұйрығы). Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бойынша жұмыс тобы құрылды (01.09.2022 жылғы № 87/1-н/к Бұйрығы).

Дәріс тобы мен кураторлардың күшімен профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылар арасындағы академиялық адалдықтың негізгі ережелері түсіндіріледі. Тыңдаушылардың толық қамтылуын алу үшін ақпараттық көздер (Facebook, instagram, университет сайты) арқылы студенттерге таратылатын дәрістер жазылады. Оқу жылында екі рет Университет студенттерінің сыбайлас жемқорлыққа қатынасын зерделеуге және сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға бағытталған білім алушыларға сауалнама түрінде зерттеу жүзеге асырылады. Сауалнама нәтижесінде алынған факторларды талдау нәтижелері Университетте жүргізіліп жатқан жұмыстың ең күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бақылауға мүмкіндік береді. Алынған мәліметтер Университеттің Ғылыми кеңесінде басқарушылық шешімдер қабылдаумен талқыланады. Академиялық адалдық қағидаттарын ұстануды және сақтауды қалыптастыруды талдау: академиялық ортаны және оқыту сапасын зерттеу (сауалнама, сұхбат, сауалнама, фокус-топтар, үлгерімді талдау және т.б.), білім алушылардың ПОҚ шағымдары мен наразылықтарын зерделеу негізінде жүргізіледі.

Талдау:

«Мирас» университетінің сапаны қамтамасыз ету саясаты мен академиялық адалдық ұстанымдары оқу орнының 2019-2024 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына, университеттің Академиялық саясатына және басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттелген. Сапа саласындағы саясат университеттің стратегиялық жоспарында айқындалған миссиясына, стратегиялық талдау нәтижелері мен даму бағыттарына сай.

ЖОО-ның сапа саласындағы саясаты барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді. Университет сайтында орналастырылған.

Сапа саласындағы саясат жоғары алқалы органның - Ғылыми кеңестің шешімімен қаралып, бекітілген (2020 жылғы 30 маусымдағы №11 хаттама).

Оқу орнында үздіксіз сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия жұмыс істейді (2020 жылғы 28 тамыздағы №2 хаттама, 30.01.2023 №6 хаттамамен өзгеріс енгізілген).

Оның құрамына оқытушылар, студенттер, магистранттар және университеттің басқа да академиялық қызметкерлері кіреді.

Академиялық адалдық ережелері Мирас Университетінің академиялық саясатында көрсетілген (4-тармақ). Академиялық саясаттағы академиялық

адалдықты бұзудың алдын алу үшін білім алушының міндеттері мен құқықтары жазылған (ішкі тәртіп ережелерінің 3-тармағы (3.10, 3.11-тармақтар). Академиялық саясат ресми сайтта ашық қолжетімділікте орналастырылған.

Академиялық адалдық саясаты аясында университетте жазбаша жұмыстарды тексеру үшін «Антиплагиат» лицензиялық бағдарламасы қолданылады. Барлық бітіру жұмыстарының мазмұны мен сапасын талдау «Антиплагиат» жүйесін қолдана отырып жүргізіледі.

Академиялық адалдық мақсатты тексеру нысанының білім беру үдерісінің негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. Ол «Мирас» университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесінің талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі. Ол сәйкестікке ББ құжаттарымен, университеттің стратегиялық жоспарымен танысу барысында және сараптамалық жұмыстарды жүргізу кезінде көзіміз жетті.

Оқу орнында 6B01721-«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ға маман даярлау 2012 жылдан басталды. Студенттермен, профессорлық-оқытушылық құраммен және құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен сұхбат барысында олардың барлығы 6B01721-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының модульдік кешенімен жеткілікті деңгейде танысқандығы анықталды. Білім алушылар да, түлектер де ББ шеңберіндегі құзыреттілік талаптарын және бітіруші моделін толық біледі.

Он жылдық маман даярлау үдерісінде қалыптасқан және жинақталған біршама тәжірибе мен дәстүр бар. Атап айтқанда, жұмыс берушілердің ББ сапасын қамтамасыз ету саясатын іске асыруда жүзеге асырып жатқан шешімдердің бірі - практика базаларымен тығыз байланыс орнату. Мәселен, 6B01721 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенттері тәжірибенің әр түріне қатысты тиісті тәжірибе базасымен қамтамасыз етілген. ұйымдастыру туралы келісім шарт жасалған (2020 жылғы 5 .09 №19/1596 келісім-шарт). Іс-тәжірибе базалары № 4 колледж, № 5 ЖББМ Молда Мұса, «Intellect» физика–математикалық лицейі және «Отырар» колледжі болып табылады.

«Intellect» физика–математикалық лицейі директоры Е.худайбергеновпен сұқбаттасу және мектеппен танысу барысында біз практика жұмысының пәрменділігіне көз жеткіздік. 2021 жылы сектор отырысында ББ пәндерінің тізімі талқыланды, жаңа пәндер ұсынылды, мысалы, №80 мектеп-лицейінің педагог-сарапшысы К.Ш.Жасұзақова оқудың өзектілігіне байланысты «Халық ауыз әдебиеті» және «Шешендік өнер» пәндерін «Халық ауыз әдебиеті және шешендік өнер» пәніне біріктіру туралы ұсыныс жасады, ол қоғам дамуының осы кезеңінде ауызша сөйлеуге қойылатын талаптардың артуына негізделген курс болары даусыз.

Білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат дайындау кезінде еңбек нарығының қажеттілігін есепке алу мақсатында жұмыс берушілерге сауалнама жүргізіліп отырады.

Университетте білім берушілер мен білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы «нөлдік» төзімсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бірқатар тетіктер жұмыстар істейді. Ол үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі қоғамдық комиссия, ақпараттық орталықтар (*ректор блогы, сенім телефоны*) құрылған. Университеттің Жастар саясаты департаменті «Сыбайлас жемқорлықсыз сессия» жастар акциясын, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен түрлі шараларды жүйелі ұйымдастыратыны көрінді. Құқықтық сауаттылық арттыру пәндері оқытылады.

Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында «MirasAPP» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жұмыс жасайды, бұл бағалауды бақылаудың барынша ашық болуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

ЖОО-да құрылған білім алушыларға Қызмет көрсету орталығы оқу үдерісінің мейлінше ақпараттық ашықтығы мен өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыру, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбейтін орта құру мақсатында құрылған.

Жыл сайын Университет сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жоспарын әзірлейді және бекітеді. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін заң мамандықтарының жоғары білікті кадрларының құрамынан дәріскерлер пулы қалыптастырылады (01.09.2022 жылғы № 81-н/к Бұйрығы). Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бойынша жұмыс тобы құрылған (01.09.2022 жылғы № 87/1-н/к Бұйрығы).

Университетте жоғары оқу орнының жұмысын бақылаумен айналысатын Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау және академиялық адалдықты жою бойынша жеткілікті тиімді механизмдер енгізілді: Қамқоршылық кеңес, академиялық сапа жөніндегі Комиссия, тәртіптік комиссия, ішкі аудит қызметі, Автоматты прокторинг жүйесі. Университетте білім алушылар үшін қолдау қызметтері (Әлеуметтік-психологиялық қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңес, жастар ісі жөніндегі Комитет, «Жастар Рухы» Жастар қанаты) және студенттік өзін-өзі басқару кеңесі құрылды. Академиялық адалдық принциптері студенттің/магистранттың Ар-намыс кодексінде қамтылған және Университеттің барлық студенттер қауымдастығы үшін міндетті болып табылады.

Университетте мүдделі қызығушылығы мен олардың талаптары туралы мониторинг жасалып, талдау жүргізіледі. Мүдделі тараптардың талаптары:

- сауалнама (сауалнама, сұхбат);
- құжаттарды талдау (білім беру қызметтерін тұтынушылардың пікірлері, ұсыныстары және алғыс хаттары);
- сараптамалық бағалау (білім беру бағдарламаларына, ОӘК, дипломдық жұмыстарға (жобаларға) және т.б. шолулар).

Салыстырмалы талдауда «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ білім алушы-практиканттарының құзыреттілігін бағалау 2022 жылы біршама тұрақты көрсеткіштерді көрсетеді. Респонденттер еңбексүйгіштік пен еңбекке қабілеттілік құзыреттерін қалыптастыру бойынша ең жоғары қанағаттанушылықты атап өтті (92,3%)

Мүдделі тараптардың анықталған талаптары мен күтулері білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу және жетілдіру, Университет пен сектор қызметін жоспарлау, түзету іс-әрекеттері мен жақсартуларды жүргізу кезінде ескеріледі.

Ғылым мен оқытудың өзара байланысы «Жоғары оқу орнының тіл пәндері оқытушыларының кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру» тақырыбына сәйкес ғылыми зерттеулер секторы оқытушыларының тұрақты жүргізуі есебінен жүзеге асырылады (ҚР МҒТС ҰО № 268, 02.04.2021 тіркеу картасы) (16-қосымша). Сектор ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған ғылыми зерттеулер мен жобаларды ұйымдастыру, білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары мен кәсіпкерлік бастамаларын қолдау бойынша жұмыс жүргізуде.

Ғылыми зерттеулер мен оқытудың өзара әрекеттесуінің бір аспектісі-білім беру бағдарламасының профиліне және сектор тақырыбына сәйкес келетін теориялық және практикалық сипаттағы мәселелердің бірі бойынша зерттеулерге бағытталған курстық және дипломдық жобалау. Бітіруші біліктілік жұмысында студент шығармашылық ізденіске, ғылыми әзірлемелерге қабілеттерін көрсетеді, алынған теориялық білім негізінде тіл білімі мен әдіснамасы саласындағы тұжырымдалған мәселені талдай білуді көрсетеді, ғылыми тәсілдерді анықтайды және оны шешу бойынша әдістемелік, ұйымдастырушылық және басқарушылық ұсыныстарды әзірлейді. Білім беру бағдарламасының оқу пәндерін оқыту ғылым мен практика саласындағы заманауи жетістіктер негізінде, сондай-ақ оқытуда жобалық және зерттеу тәсілдерін қолдану арқылы құрылады.

Сыртқы сарапшылар ЖОО-ның жеткілікті материалдық-техникалық базасының, мамандандырылған зертханалар мен кабинеттердің, ақпараттық технологиялар мен ресурстарды дамытудың жоғары деңгейінің, сектордың іс-тәжірибе базаларының болуы, ПОҚ біліктілігін тұрақты арттыру бағдарламаларының ұдайы жүзеге асуы университеттің білім берудегі сапа мен адалдық саясатын қамтамасыз етуге толық кепіл болады деп санайды.

1- стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.

2-СТАНДАРТ. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ, АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

Дәлелдемелер: Білім беру бағдарламасын әзірлеу тәртібі білім беру бағдарламасын әзірлеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықта айқындалған.

Білім беру бағдарламасының паспортында Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілері туралы ақпарат, Ғылыми кеңесте бекіту, жалпы орта білім беру базасында білім беру бағдарламасын қолданысқа енгізу және игеру мерзімі туралы ақпарат қамтылады.

6B01721 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2021 жылғы сараптамалық бағасы 97,70% құрайды (22-қосымша).

6B01721 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ төмендегі құрамның қатысуымен әзірленді:

- 2018-2019 жыл: ф.ғ. к., аға оқытушы Р.А.Османова, ф.ғ.к., доцент Б.А.Жақыпбекова, ф.ғ.к., доцент А.Г.Курбанова, аға оқытушы М.А.Усербаева, Шымкент қ. Ұлықбек атындағы № 3 жалпы орта мектебінің директоры Г.Н.Манапова;

- 2021-2022 жыл: ф.ғ.к., кафедраның аға оқытушысы С.С.Үсенбаева, ф.ғ.к., доцент А.Г.Курбанов, ББ менеджері, аға оқытушы М.А.Усербаева, кафедраның аға оқытушысы Б.К.Абралиева, Шымкент қаласының «Intellect» мектеп-лицейінің директоры Е.Ж.Худайбергенов, педагог-сарапшы №80 мектеп-лицейінің Жасұзақова К.Ш., 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті Құралбай Ж.Д.

6B01721 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ рецензенті Д.Н.Байгутова болып табылады. 2021 жылы Қазақ тілі мен әдебиеті секторының отырысында 2021 жылғы 15 наурыздағы №8 хаттама 6B01721 «Қазақ тілі мен әдебиеті» қаралып, ПОҚ лицейінде әзірлеушілер құрамы, жұмыс берушілер бекітілді: ф.ғ.к., аға оқытушы С.С.Үсенбаева, аға оқытушы М.А.Усербаева, ф.ғ.к., доцент А.Құрбанов.Г., аға оқытушы Абралиева Б.К., 3-курс студенті Құралбай Ж. Д., «Intellect» мектеп-лицейінің директоры Худайбергенов Е. Д., № 80 мектеп-лицейінің педагог-сарапшысы Жасузақова К.Н.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу модульдік құрылыс принципіне негізделген. Пәндердің барлық көлемі блок-модульдерге бөлінген, олардың әрқайсысы 3-5 кредит ECTS көлеміндегі Теориялық оқытудың кемінде екі пәнінен тұрады. Модульге кіретін пәндерді бір-біріне параллель, дәйекті, аралас тәртіпте оқуға болады. Пәнаралық байланыс нақты бақыланады, пререквизиттер мен постреквизиттердің дамуы, сондай-ақ ББ ерекшелігі ескеріледі.

Кәсіби іс-тәжірибенің барлық түрлері модульдер бойынша олардың өтуіне Пререквизиттер болып табылатын пәндерге сәйкес бөлінеді. 6B01721 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ модульдері мен курстары ECTS Кредиттік оқыту технологиясымен құрылымдалған. ББ Теориялық оқытудың, практиканың және қорытынды аттестаттаудың 240 кредитін қамтиды.

6B01721-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мақсаты ҚР Еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін жоғары білікті кадрларды даярлау; кәсіби және педагогикалық дағдыларды дамыту, тілдік және әдеби заңдылықтарды бағалау және талдау саласындағы құзыреттерді берік меңгеру; заманауи тұжырымдамалар мен әдістерді дәлелдей білу, командада жұмыс істей алатын маманның креативті тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Мақсат ECTS және EPVO біліктілік шеңберлерін ескере отырып, Дублиндік дескрипторларға негізделген модульдер мен пәндерді іске асыру, кредиттерді, құзыреттер мен оқыту нәтижелерін байланыстыру арқылы қамтамасыз етіледі.

6B01721 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018 жылғы №604 Қаулысымен бекітілген барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді. Оқыту мақсаттары, міндеттері, құзыреттері мен нәтижелері, циклдар бойынша кредиттердің жалпы саны МЖМБС - да айқындалатын талаптармен келісілген.

ЖББ циклінің көлемі МЖМБС қатаң сәйкестігінде 56 академиялық кредитті құрайды. Оның ішінде 51 академиялық кредит міндетті компонент: Қазақстанның қазіргі тарихы, Философия, Қазақ (орыс) тілі, Шет тілі, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Дене шынықтыру, Әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология) пәндеріне бөлінеді.

ЖББ циклінің ЖООК және ТК пәндері білім алушылардың экономика және құқық саласындағы құзыреттерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін, сондай-ақ кәсіпкерлік, көшбасшылық, инновацияларды қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған 5 академиялық кредитті құрайды. БП циклі оқу пәндерін оқуды және кәсіптік практикадан өтуді қамтиды және 112 академиялық кредитті құрайды. ПД циклі жоғары білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 60 академиялық кредитті құрайтын оқу пәндері мен кәсіптік практика түрлерін қамтиды. Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды.

6B01721- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына мынадай іс-тәжірибе түрлері енгізілген: оқу (таныстыру), психологиялық-педагогикалық, педагогикалық 1, педагогикалық 2, диплом алды.

Білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін мамандандырылған кабинеттерді, аудиториялар мен зертханаларды, компьютерлік сыныптарды және т.б. жарақтандыруға үлкен мән беріледі.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу ББ бағалау бойынша сыртқы сарапшылар ретінде жұмыс берушілер мен мамандарды тарта отырып, еңбек нарығының қажеттіліктерін алдын ала талдау рәсімін қамтиды. Білім беру бағдарламасының сапасын сыртқы бағалау жұмыс берушілердің шолуында көрсетілген.

Білім беру бағдарламасын жалпы талдау кезінде студенттер контингентінің көрсеткіштері, үлгерім деңгейі, студенттердің жетістіктері мен оқудан шығарылуы, білім беру ресурстары мен студенттерді қолдау қызметтерінің қолжетімділігі, түлектердің жұмысқа орналасуы, студенттердің бағдарламаны іске асыруға қанағаттануы ескеріледі. Білім беру бағдарламасы бағалаудан және рецензиялаудан өтеді.

ББ бағалау құралдары: сектор отырыстарында жұмыс берушілермен, түлектермен және білім алушылармен бітіру курсы талқылау, сараптама, рецензиялау болып табылады. Білім беру бағдарламасының негізгі анықтамалық-ақпараттық ресурсы кітапхана болып табылады, ол білім алушыларды оқу жоспарының барлық жалпы білім беретін, базалық және бейіндік пәндері бойынша оқулықтармен және оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, кітапхана қорында электрондық тасымалдағыштардағы оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер және ақпараттық деректер базасы бар.

Бағдарламаларды әзірлеу кезінде МЖМБС (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018 жылғы № 604 қаулысы), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына» № 152 сәйкес білім алушылардың оқу қызметінің барлық түрлері бойынша оқу жүктемесінің еңбек сыйымдылығы ескеріледі.

ББ әзірлеу рәсімі оқу пәндері мен жүктеме нормаларын зерделеудің пререквизиттілігіне сәйкес бүкіл оқу мерзіміне оқу жүктемесін алдын ала есептеу кезеңін, сондай-ақ кәсіптік практиканың барлық түрлерінің тізбесін қамтиды.

Бағдарламалардың құрылымында білім деңгейіне байланысты әр түрлі қызмет түрлері қарастырылған:

- оқу жұмысы (дәрістер, практикалық, СӨЖ, ОБСӨЖ, курстық жұмыстар, ауызша презентациялар және т.б.); кәсіптік практикаларды өткізу, қорытынды аттестаттау (дипломдық жұмыстарды қорғау).

Білім алушылардың жалпы оқу жүктемесі қарастырылған, ол ECTS Теориялық оқытудың 240 кредитін, жылдық жүктеме 60 кредитті, апталық жүктеме – 2 кредитті құрайды.

Кәсіптік практикадан өту мерзімі оқытудың алдыңғы кезеңдерінде зерттелген пререквизиттерге байланысты.

Білім беру бағдарламасының үлгерімге және олардың ілгерілеуіне жәрдемдесуге бағытталуы пәндердің пререквизиттілігі мен дәйекті зерделенуін сақтау, әртүрлі күрделілік деңгейіндегі тапсырмаларды енгізу, оқыту әдістемелерін, білім беру ресурстарын жиынтық пайдалану және

практикалық дағдыларды пысықтау арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл ретте мынадай көрсеткіштер ескеріледі:

- Білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;
- Үлгерім деңгейі, студенттердің жетістіктері және оқудан шығу;
- Білім алушылардың бағдарламаларды іске асыруға қанағаттануы;
- Білім беру ресурстары мен студенттерді қолдау қызметтерінің қолжетімділігі;
- түлектердің жұмысқа орналасуы.

ББ бағалау құралдары: жұмыс берушілерге, білім алушыларға, түлектерге сауалнама жүргізу; оны әзірлеу және іске асыру кезеңдерінде білім беру бағдарламаларын рецензиялау; рейтингтерге қатысу болып табылады. Түлектердің дайындық деңгейіне қанағаттану тұрғысынан жұмыс берушілердің сауалнамасының нәтижелері бойынша респонденттердің 85% - ы білім беру сапасына қанағаттанушылықтың ең жоғары бағасын берді (33-қосымша). Білім алушылардың сауалнамасы студенттік ортадан кері байланыс алудың ресми процедурасы болып табылады, жалпы форматты қамтиды және бағдарламаларға қанағаттану туралы толық ақпарат береді. Сондай-ақ білім алушылар кураторлық сағаттарда, сенім жәшіктерінде, университет сайтында оқытушылармен және менеджерлермен әңгімелесу арқылы өз тілектерін білдіре алады. Түлектердің сауалнамасының мақсаты білім беру процесінің әртүрлі кезеңдерінде барабар басқару шешімдерін қабылдау мақсатында университеттің білім беру қызметтерін тұтынушыларымен - түлектермен кері ақпараттық байланысты қалыптастыру және қолдау болып табылады.

Талдау: Оқу орнында білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітуді, олардың нормаларын сақтауды реттейтін белгіленген және қолданыстағы нормативтік құжаттар бар. Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту Академиялық саясат пен Білім беру бағдарламасын дайындау және жаңарту ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады. ББ бағытының коды мен атауы реестрге сәйкес. ББ модульдік кешенінің мазмұны мен құрылымы Болон үдерісі мен ҚР БжҒМ талаптарына сай. ББ әзірлеуде арнайы жұмыс тобы қызмет атқарады, топ құрамына кафедра меңгерушісі, тәжірибелі оқытушылар, жұмыс берушілер тарапынан тәжірибелі мамандар, білім алушылардың өкілдері тартылған. Аудит барысында олардың бірқатарларымен сұхбаттар өткізілді.

БВ01721-«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ модульдік кешенінде қолданыстағы стандарттарға негізделген және Дублин дескрипторларымен, еуропалық және ұлттық біліктілік шеңберлерімен үйлестірілген, жұмыс берушілердің ұсынымдарына сәйкес келтірілген, студенттердің, түлектердің пікірін, еңбек нарығының сұранысын, университеттің миссиясын ескере отырып, болашақ маманның құзыреттілік моделі жасалған, оқыту нәтижелерін анықталған. Білім беру бағдарламасы сұранысқа ие, себебі жұмысқа орналастыру деңгейі

79%-ды құрайды. Бұл ББ дамыту жоспарының ұзақ мерзімді шараларына сәйкес келеді.

Болашақ маманның құзыреттілік моделін қалыптастыратын және оқыту нәтижелеріне қол жеткізетін ББ мазмұны құрылымдық элемент ретінде модульге сәйкес әзірленген. Модульдер арасындағы логикалық байланыс ескеріледі және пәндерді кешенді оқыту кезінде оқу материалдарының қосарланбауы қамтамасыз етілген. ББ еңбек сыйымдылығы сақталған. Білім беру бағдарламасының жалпы еңбек сыйымдылығы 240 кредитті құрайды. Оның ішінде: жалпы білім беретін пәндер циклі 56 кредитті, базалық пәндер циклы - 112 кредитті (жоғары оқу орындары компоненті - 56, таңдау компоненті - 56), бейіндеуші пәндер циклы - 60 кредитті (жоғары оқу орындары компоненті - 50, таңдау компоненті - 10) құрайды, қорытынды аттестаттау - 12 кредитті құрайды.

Модульдердің көлемі кемінде 5 академиялық кредитті құрайды және екі немесе одан да көп пәндердің немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің (*кәсіптік практика, дипломдық жұмыс т.б.*) бір және одан да көп пәндердің комбинациясынан тұрады, модульдегі пәндер 3,4,5,6 академиялық кредитті көздейді.

ББ мазмұнында элективті пәндердің үлесі 28%, бұл МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

ББ игерудегі теориялық білімді тәжірибеге ұластырудың міндетті кезеңі - практикадан өту. Сектордаа практиканың барлық түрлері іс-тәжірибені ұйымдастырудың академиялық күнтізбесіне сәйкес уақытылы өткізіледі.

Практика түрлері бойынша практиканы ұйымдастыру жөніндегі практика базалары мен университет арасындағы екі жақты келісімшарттар жасалған.

Сектордың барлық пәндері бойынша электронды тасымалдағыштардағы пәндердің оқу-әдістемелік кешендері әзірленген, онда курсты оқу үшін барлық қажетті оқу-әдістемелік материалдар ұсынылған. Силлабустар білім алушыға қажетті барлық құрылымдық бөлімдерді қамтиды. Студенттерге толыққанды пәнді игеруге қатысты мәліметтер мен ақпараттарды бере алады.

Жұмыс берушілер ББ -ны жасауға және жетілдіруге белсенді қатысады. Мысалы, 2021-2022 оқу жылында жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде 6B01721 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ оқу жоспарына «Халық ауыз әдебиеті және шешендік өнер» пәні енгізілген.

Білім алушылардың пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып құрылған білім беру траекториялары таңдалған ББ шеңберінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Элективті пәндер каталогында білім алушылар эдвайзердің әдістемелік және консультативтік көмегі арқылы өз таңдауын жасайды. Білім алушылар оны «MirasAPP» жүйесінде онлайн-тіркеу режимінде таңдап, жүзеге асырады.

2- стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.

3 - СТАНДАРТ. «СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ»

Дәлелдемелер: Білім алушыларға оқытудың икемді траекторияларын пайдалану және өз біліктілігі үшін тиісті деңгейдегі білім беру компоненттерін таңдау бойынша толық ақпарат пен кеңестер беріледі. Білім алушыларды пәндерге тіркеу рәсімі шеңберінде Университет оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасайды, білім алушылардың ЖБТ-ға енгізілген пәндерді, модульдерді, оқытушыларды таңдау еркіндігін іске асырады, білім алушылардың ЖОЖ қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз етеді. Оқу пәндеріне тіркелу университеттің Mirasapp жүйесінде жүзеге асырылады (<https://miras.app/>) академиялық күнтізбеге сәйкес онлайн режимінде.

